

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 526 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 қазанда № 21427 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 26-25) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Метрологиялық қамтамасыз ету және стандарттау орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

H. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 13 қазаны
№ 526 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінде жүргізілетін өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындауды нақтылайды.

2. Метрологиялық қамтамасыз ету өлшем бірлігін және талап етілетін дәлдігін сақтауға, қару-жарақ пен әскери техниканы (бұдан әрі – ҚӘТ) жауынгерлік қолданудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін жай-күйде ұстау үшін өлшенетін параметрлерді дұрыс бақылауды арттыруға бағытталған ғылыми және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенін қамтиды.

2-тaraу. Метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

3. Метрологиялық қамтамасыз ету мынадай негізгі бағыттар бойынша ұйымдастырылады және жүргізіледі:

- 1) метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;
- 2) метрологиялық бақылауды ұйымдастыру;
- 3) метрологиялық қамтамасыз етудің мақсатты күндерін өткізу.

4. ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсету жеке құрамның өлшеу құралдарының (бұдан әрі – ӨК) көмегімен оларды пайдалану процесінде ҚӘТ-ны толық, нақты бақылауды және параметрлерін өлшеуді қамтамасыз ететін іс-шараларды орындаудың қамтиды.

5. ҚӘТ-ны толық, нақты бақылау және параметрлерін өлшеу:

- 1) ҚӘТ объектілерінің ӨК-мен жабдықталуымен;
- 2) өлшеу жүргізу кезінде ақаусыз және салыстырып тексерілген ӨК-ны пайдаланумен, салыстырып тексерілмеген және ақаулы ӨК-ны пайдаланудан уақтылы алушмен;
- 3) жеке құрамның ҚӘТ-ға техникалық қызмет көрсетуді, регламенттеу жұмыстарын және жөндеуді орындау кезінде ӨК-ны дұрыс пайдалану дағдыларына ие болуымен;
- 4) пайдалану құжаттамасында көзделген барлық өлшеу көлемін қатаң орындаумен және олардың нәтижелерін уақтылы ресімдеумен;
- 5) әскери бөлімдердің лауазымды адамдары тарапынан ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсетуді сапасын ұдайы бақылаумен қамтамасыз етіледі.

6. ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жалпы басшылық жасауды әскери бөлімдердің командирлері жүзеге асырады.

3-тaraу. Метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау

7. Алдағы жылға метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды сапалы жоспарлау мақсатында әскери бөлімдерде жыл сайын мынадай құжаттар әзірленеді:

1) осы нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша метрологиялық қамтамасыз ету жоспары;

2) осы нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша ӨҚ-ны салыстырып тексеру жоспары;

3) осы нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша ӨҚ-ны жөндеу жоспары.

8. Әскер түрлері метрологиялық қызметтерінің бастықтары (штаттан тыс метрологтар), ӨҚ-ны пайдаланатын бағынысында әскери бөлімдер бар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚМ), Қазақстан Республикасы Қарулы Күштердің (бұдан әрі – ҚҚ) құрылымдық бөлімшелеріндегі метрологиялық қамтамасыз етуге жауаптылар жоғарыда көрсетілген құжаттардың әзірленуіне бақылауды жүзеге асырады және жыл сайын жиырма бесінші қазанға дейінгі мерзімде метрологиялық қамтамасыз ету мәселелеріне жетекшілік ететін ҚМ құрылымдық бөлімшесіне (бұдан әрі – метрологиялық орган) бағынысты әскери бөлімдер үшін жинақталған мәліметтерді ұсынады.

9. Ұсынылған мәліметтер негізінде метрологиялық орган ҚҚ үшін метрологиялық қамтамасыз ету жоспарын, соңдай-ақ ӨҚ-ны салыстырып тексеру және жөндеу жоспарларын әзірлейді.

10. ҚҚ метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйіне талдау жүргізу үшін әскер түрлері метрологиялық қызметтерінің бастықтары (штаттан тыс метрологтар), ҚМ, ҚҚ құрылымдық бөлімшелерінде метрологиялық қамтамасыз етуге жауаптылар жыл сайын бірінші желтоқсанға дейінгі мерзімде метрологиялық органға бағынысты әскери бөлімдеріндегі метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйі туралы мынадай мәліметтерді ұсынады:

1) осы нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес метрологиялық қамтамасыз ету бойынша метрологиялық қызмет бастығының жұмыс жоспарын;

2) осы нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйі туралы есепті;

3) осы нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша метрологиялық қызметтің жеке құрамы туралы мәліметтерді;

4) осы нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша штаттық (штаттан тыс) метрологтар жеке құрамы туралы мәліметтерді;

5) осы нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін тексеру туралы мәліметтерді;

6) осы нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлшеу құралдарының бар болуы, салыстырып тексеру және жөндеу туралы мәліметтер.

4-тaraу. Метрологиялық бақылауды үйымдастыру

11. ҚҚ-да ҚӘТ-ны метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін бақылауды қолданыстағы метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына және жылдық жоспарларға сәйкес метрологиялық орган мынадай негізгі бағыттар бойынша әскери бөлімдерді тексеру арқылы жүзеге асырады:

- 1) ӨК-ның жай-күйі;
- 2) ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсету жай-күйі;
- 3) ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсетуге жеке құрамның даярлығы;
- 4) метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі іс-шараларды орындау;
- 5) ҚӘТ объектілерінің ӨК-мен жабдықталуы;
- 6) ӨК техникалық жай-күйінің есебін жүргізу;
- 7) ӨК-ны жөндеуді ұйымдастыру;
- 8) әскери бөлім қызметтерінің жұмысы және әскери бөлім метрологияның жұмысы.

12. ӨК-ға метрологиялық бақылау әскери бөлімдерді мынадай негізгі мәселелер бойынша тексеру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) ӨК-ны пайдалану жөніндегі құжаттардың бар болуы және есепке алууды дұрыс жүргізу;
- 2) бөлімшелерде, қызметтерде және әскери бөлімде пайдаланылатын ӨК-ның техникалық жай-күйі, күтіп-ұстай және сақтау;
- 3) белгіленген мерзімдерге сәйкес ӨК-ны уақтылы салыстырып тексеру;
- 4) ӨК-ның сақталуы;
- 5) ӨК-ны пайдалануға жеке құрамның даярлығы.

13. Тексеру нәтижелері бойынша осы нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін тексеру актісі жасалады, оған әскери бөлім командирі танысады, ал қажет болған кезде басшылық құраммен және қызметтер бастықтарымен тексеруге талдау жүргізіледі, онда кемшіліктер себептері мен оларды жою жолдары көрсетіледі.

14. Тексеру актісі үш данада жасалады:

- 1) бірінші дана жоғары тұрған штабтың қызметтері тарарапынан анықталған кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдау және бақылау үшін жоғары тұрған штаб бастығына жолданады;
- 2) екінші дана әскери бөлімнің ісінде қалады;
- 3) үшіншісі – тексеру жүргізген метрологиялық қызметтің ісіне тігіледі.

15. Тексеру актісі негізінде әскери бөлімде анықталған кемшіліктерді жою жөнінде іс-шаралар жоспары әзірленеді.

16. Әскер тектері, өңірлік қолбасшылық метрологиялық қызметтің бастығы (штаттан тыс метролог) бағынысты әскери бөлімдердегі метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін бір жылда бір реттен сиретпей тексереді.

Әскер түрі метрологиялық қызметінің бастығы бағынысты әскери бөлімдердегі метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін екі жылда бір ретten сиретпей тексереді.

5-тaraу. Метрологиялық қамтамасыз етудің мақсатты күндерін өткізу

17. ӨК-ны ақаусыз жай-күйде ұстау мақсатында жылына екі рет ҚӘТ-ны қыста (жазда) пайдалану жағдайларына дайындау кезеңінде әскери бөлімдердегі парктік күндердің бірінде метрологиялық қамтамасыз етудің мақсатты күндерін өткізу үйимдастырылады.

18. ҚӘТ-ны метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізуге метрологиялық қамтамасыз етудің мақсатты күнінде ӨК-ны пайдаланатын әскери бөлімнің барлық жеке құрамы тартылады.

19. Метрологиялық қамтамасыз етудің мақсатты күндерін өткізу жоспарына мынадай негізгі іс-шаралар енгізіледі:

1) пайдалануда сонымен қатар сақтауда тұрған ӨК толық есепке алуды және бар болуын тексеру;

2) сақтау режимі айқындалған бүйректер (актіні), соңдай-ақ ӨК-ны ұзақ сақтауда ұстау жағдайлары тексеріледі;

3) ақаусыздығын, салыстырып тексеруге уақтылы ұсынылуын және жөндеуге жөнелтілуін, құжаттаманың дұрыс ресімделуін бақылау мақсатында ӨК-ны және оларға пайдалану құжаттамасын қарап-тексеру;

4) ӨК-ға техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

5) ҚӘТ параметрлерін бақылау әдістері мен құралдарын зерделеу, соңдай-ақ ӨК-мен жұмыс істеу бойынша тренаждар жүргізу;

6) ҚӘТ-ның ӨК-мен жабдықталуын талдау және жабдықтаушы органдарға жетіспейтін ӨК-ға өтінімдер дайындау;

7) ӨК-ны есептен шығаруға құжаттар дайындау (ресімдеу);

8) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарын зерделеу;

9) бөлімшелер мен қызметтердің жеке құрамымен арнайы (техникалық) даярлық бойынша сабактар өткізу.

20. Жеке құрамды регламенттік жұмыстар және ҚӘТ үлгілеріне техникалық қызмет көрсету процесінде ӨК-ны қолдануға іс жүзінде оқытып-үйрету метрологиялық қамтамасыз етудің мақсатты күні арнайы даярлықтың негізгі нысаны болып айқындалады.

Қазақстан Республикасының

Қарулы Күштерін

метрологиялық қамтамасыз ету

жөніндегі нұсқаулыққа

1-қосымша

Нысан

Бекітемін

(лауазымы, әскери атағы,
қолтаңбасы, тегі және
инициалдары)

20 жылғы " "

(Қарулы Күштер/ әскер түрі/ әскер тегі/ өнірлік қолбасшылық/ әскери бөлім)

20__ жылға арналған метрологиялық қамтамасыз ету жоспары

Р/ с №	Өлшем түрлері бойынша ек	Барлық колда бары, дана	Салыстырып тексерілуге тиіс, дана	Салыстырып тексеру және жөндеу жоспарланды:					Ескертпе	
				Карулы Күштердің метрологиялық органында			шарт негізінде			
				стационарда		шығуда				
				Салыстырып тексеру, дана	Жөндеу , дана	Салыстырып тексеру, дана	Салыстырып тексеру, дана	Жөндеу , дана		
				5	6	7	8	9	10	
1	2	3	4							

(лауазымы, әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

20 жылғы " "

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерін
метрологиялық қамтамасыз ету
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша
Нысан
Бекітемін

(лауазымы, әскери атағы,
қолтаңбасы, тегі және
инициалдары)

20 жылғы " "

(Қарулы Құштер/ әскер түрі/әскер тегі/өнірлік қолбасшылық/ әскери бөлім)

20 жылға арналған өлшімдер күралдарын салыстырып тексеру жоспары

Әскери бөлім	Өлшем түрлері бойынша ӨҚ	Барлық қолда бары, дана	Ұсынылған ӨҚ саны	Ұсыну мерзімі	Көшпелі топты қамтамасыз ету жүктелген ә/бөлім, мекеме номірі	Ескертпе
			Салыстырып тексеруге, дана			

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

(лауазымы, әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

20 __ жылғы " __ "

Қазақстан Республикасының
Карулы Күштерін
метрологиялық қамтамасыз ету
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша
Нысан
Бекітемін

(лауазымы, әскери атағы,
қолтаңбасы, тегі және
инициалдары)

20 __ жылғы " __ "

(Карулы Күштер/ әскер түрі/әскер тегі/өңірлік қолбасшылық/ әскери бөлім)

20 __ жылға арналған өлшеу құралдарын жөндеу жоспары

Р/с №	Әскери бөлім	Өлшем түрлері бойынша ОҚ	Саны, дана	Типі	Зауыттық нөмірі

(лауазымы, әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

20 __ жылғы " __ "

Қазақстан Республикасының
Карулы Күштерін
метрологиялық қамтамасыз ету
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша
Бекітемін

(лауазымы, әскери атағы,
қолтаңбасы, тегі және
инициалдары)

20 __ жылғы " __ "

Метрологиялық қызмет бастығының метрологиялық қамтамасыз ету бойынша

20 __ жылға арналған жұмыс жоспары

1. Жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлық

P/c №	Оку пәнінің атауы	Сабак өткізу орны	Ескертпе
1	2	3	4

2. Үлкен бастықтардың жоспарларына сәйкес метрологиялық қызмет бастығы қатысатын іс-шаралар

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

3. Өлшеу құралдарының техникалық жай-күйін есепке алуды үйымдастыру бойынша жұмыс

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

4. Метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін тексеру

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

5. ҚӘТ-ға метрологиялық қызмет көрсетуді, сондай-ақ регламенттік жұмыстар мен техникалық қызмет көрсетуді бақылау

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

6. Жеке құраммен метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша сабактар өткізу

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

7. Өлшеу құралдарын уақтылы жөндеуді және салыстырып тексеруді үйымдастыруды бақылау бойынша жұмыс

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

8. ҚӘТ-ға, ӨК-ға метрологиялық қызмет көрсету жай-күйін талдау бойынша жұмыс, оны жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

9. Бағынысты метрологиялық қызметтердің қызметтің басқару бойынша жұмыс

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5

Метрологиялық қызмет бастығы (штаттан тыс метролог) _____

(әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

Қазақстан Республикасының
Карулы Күштерін

Метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйі туралы есеп

1. Метрологиялық қызмет жөніндегі мәліметтер:

- 1) метрологиялық қызмет құрылымы;
- 2) ҚӘТ-ға, өлшеу құралдарына метрологиялық қызмет көрсету жай-күйін талдау;
- 3) корытындылар мен ұсыныстар.

2. Метрологиялық қызметтің ұйымдастыру-техникалық жұмысы туралы мәліметтер

:

1) ҚӘТ-ға метрологиялық қызмет көрсетуді одан әрі жақсартуға бағытталған жүргізілген іс-шаралар мен орындалған құжаттар тізбесі;

2) жұмыс жоспарларының толық және сапалы орындалуы және жоспарларды толық орындау себептері;

3) бағынысты бөлімдердегі метрологиялық бақылау нәтижелері;

4) метрологиялық қызмет бастықтарымен (штаттан тыс метрологтармен) жиындарды және командалық және инженерлік-техникалық құраммен сабактарды ұйымдастыру және өткізу;

5) оқу-жаттығуларда, жауынгерлік кезекшілікті атқару кезінде ҚӘТ-ға метрологиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға және техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге қатысу;

6) корытындылар мен ұсыныстар.

3. Әскерлерді метрологиялық қамтамасыз ету туралы мәліметтер:

1) әскери бөлімдердің өлшеу құралдарымен қамтамасыз етілуі;

2) әскери бөлімдердің өлшеу құралдарын салыстырып тексерудеге және жөндеудеге қажеттілігін қанағаттандыру проценті;

3) корытындылар мен ұсыныстар.

Бағынысты бөлімдер орындастын міндеттер ерекшелігіне сүйене отырып, есеп беру басқа көрсеткіштермен толықтырылады.

Казақстан Республикасының
Карулы Күштерін
метрологиялық қамтамасыз ету
жөніндегі нұсқаулыққа
6-көсымша
Нысан

(
әскер түрі/ әскер тегі/ өнірлік қолбасшылық/ әскери бөлім) метрологиялық
қызметтің жеке құрамы туралы мәлімет

Барлық метрологиялық қызмет бастықтары		Сыныптық біліктілігі бар				
Штат бойынша	Тізім бойынша (штаттағылар қатарынан)	1-сыныпты маман – тәлімгер (шебер)	1-сыныпты маман	2-сыныпты маман	3-сыныпты маман	сыныптылықсыз
1	2	3	4	5	6	7

Метрологиялық қызмет бастығы (штаттан тыс метролог) _____

(әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

Қазақстан Республикасының

Карулы Күштерін

метрологиялық қамтамасыз ету

жөніндегі нұсқаулыққа

7-қосымша

Нысан

(әскер түрі/ әскер тегі/ өнірлік қолбасшылық/ әскери бөлім) штаттық (штаттан тыс) метрологтардың жеке құрамы туралы мәлімет

P/ с №	Әскери бөлім	Штат бойынша лауазымы	Штат бойынша әскери атағы	Нақты әскери атағы	Тегі, аты, әкесінің аты	Тұған күні	Лауазымға тағайындау туралы бұйрық № және күні	Әскери атақ беру туралы бұйрық № және күні	Сыныптық біліктілік беру туралы бұйрық № және күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе: штаттан тыс метрологтар үшін 1, 2, 3, 5, 6-бағандар толтырылады (6-бағанда штаттан тыс метрологты тағайындау туралы бұйрық нөмірі мен күні көрсетіледі)

Метрологиялық қызмет бастығы (штаттан тыс метролог) _____

(әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

Қазақстан Республикасының

Карулы Күштерін

метрологиялық қамтамасыз ету

жөніндегі нұсқаулыққа

8-қосымша

Нысан

(әскер түрі/ әскер тегі/ өнірлік қолбасшылық/ әскери бөлім) метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін тексеру туралы мәлімет

температуралық өлшем	1 1					
Оптикалық-физикалық	1 2					
өлшем	1 3					
Акустикалық өлшем	1 4					
Электр шама өлшемі	1 5					
Магниттік шама	1 6					
өлшемі	17					
Уақыт пен жиілік өлшемі						
Радиотехникалық өлшем						
Иондаушы сәулелену өлшемі						
ЖИЫНЫ						

Метрологиялық қызмет бастығы (штаттан тыс метролог) _____

(әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және инициалдары)

Қазақстан Республикасының

Карулы Құштерін

метрологиялық қамтамасыз ету

жөніндегі нұсқаулыққа

10-қосымша

Нысан

_____ әскери бөлімін метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйін тексеру актісі

20__ жылғы "__" _____ қаласы

20__ жылғы _____ кезеңде

(тексеруші метрологиялық қызмет атауы немесе

тексерушінің лауазымы, ә/атағы және тегі)

бекіткен

(жоспарды кім бекіткен)

20__ жылға арналған жоспарға сәйкес _____ әскери бөлімінің метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйіне және метрологияның жұмысына тексеру жүргізілді.

Тексеру _____

(қандай бұйрықтар мен басшылық құжаттар көрсетілсін)

метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі басшылық құжаттардың талаптары көлемінде жүргізді.

Мыналар тексерілді:

өлшеу құралдары (ӨҚ) жай-күйі;

ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсету жай-күйі;

жеке құрамның ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсетуге даярлығы;

метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөнінде іс-шаралардың орындалуы;

ҚӘТ объектілерінің ӨҚ-мен жабдықталуы;

ӨҚ-ның техникалық жай-күйін есепке алууды жүргізу;

ӨҚ-ны жөндеуді үйымдастыру;

әскери бөлім қызметтерінің және _____

жұмысы.

(МҚ бастығының, бөлімнің штаттық, штаттан тыс метрологияның)

_____ әскери бөлімнің метрологиялық қамтамасыз етуді тексеру нәтижелері.

1. Өлшеу құралдары жай-күйі.

P/c №	Түрлері бойынша ӨҚ атауы	Барлық қаралғандар ішінен, дана	Қаралғандар ішінен, дана салыстырып тексерілмеген	Салыстырып тексерілмеген және ақаулылар жиыны, дана	Салыстырып тексерілмеген және ақаулы, %
	жиыны:				

ӨҚ жай-күйіндегі кемшіліктер _____

(нақты кемшіліктер көрсетіледі)

Корытынды: _____ ә/б ӨҚ жай-күйі _____ деп бағаланады.

2. ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсету жай-күйі.

ҚӘТ объектілері	Барлық қаралғандар ішінде, дана ӨҚ салыстырып тексерілмеген	Баға		
		ӨҚ ақаулы	метрологиялық қызмет көрсету жүргізілмеген	

Негізгі кемшіліктер _____

_____ ә/б ҚӘТ-ға метрологиялық қызмет көрсету жай-күйі _____ деп бағаланады.

ҚӘТ параметрлері бақылау өлшемі нәтижелері

P/c №	КӘТ объектісінің атауы	Бақыланатын параметр		Бақыланатын параметрдің ТЖ бойынша рұқсаты	Қолданылатын ӨҚ (типі, номірі)	Өлшеу нәтижелері
		Атауы	Номиналдық мәні			

ҚӘТ параметрлері бақылау өлшемдері нәтижелері бойынша қорытындылар мен ескертпелер: _____

3. Жеке құрамның ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсетуге даярлығы:

1) оқу жоспарларында жеке құрамды метрологиялық даярлау мәселелерінің бар болуы _____;

2) жеке құрамның ҚӘТ-ге метрологиялық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі пайдалану құжаттамасын білуи _____;

3) табельдік ӨК-мен ҚӘТ объектілері негізгі параметрлерінің өлшемін жүргізе білу _____.

Қорытынды: жеке құрамның ҚӘТ объектілеріне метрологиялық қызмет көрсетуге даярлығы бағаланады _____

4. Метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалуы.

1) ӨК-ны пайдалану, күтіп-ұстау, сақтау мен сақталуын ұйымдастыру _____;

2) ӨК-ны уақтылы салыстырып тексеруге және жөндеуге ұсыну _____;

3) лауазымды адамдардың метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттардың талаптар бөлігін білуі және оларды орындауы _____;

4) лауазымды адамдардың ӨК-ның техникалық жай-күйін уақтылы бақылау бөлімін еткізуі _____;

5) сақтауда тұрған және ЖҚ техникадағы ӨК-ға бақылауды жүзеге асыру _____;

6) оқу-жаттығу және индикаторлық санатқа жататын ӨК құжаттамасын дұрыс ресімдеу мен таңбалаудың _____.

Қорытынды: метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалуы _____ деп бағаланады.

5. _____ әскери бөлімі метрологының жұмысын бағалау _____.

1) әскери бөлім метрологын тағайындау туралы бұйрықтың болуы _____;

(нөмірі, күні)

2) метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі басшылық құжаттардың бар болуы _____.

3) ΘҚ техникалық жай-күйін белгіленген тәртіппен есепке алууды жүргізу _____

(жүргізілді немесе жоқ, ΘК-ны толық қамту, қандай кемшіліктер)

4) ӨК-ны қолданыс қабілеті жай-күйінде ұстауды, оларды дұрыс пайдалануды, сақтауды және жөндеуге уақтылы жөнелтуді бақылауды жүзеге асыру _____

5) көшпелі метрологиялық топтың жұмысын ұйымдастыруға қатысу және ӨК-ны салыстырып тексеруге толық ұсынуды бақылауды жүзеге асыру

(қатысты немесе жоқ, бақылайды немесе жоқ, толық немесе жоқ, қандай ӨК үсінілмаған)

6) белгіленген есептілікті ұсыну _____ ;

Корытынды: метрологтың жұмысы _____ деп бағаланады.

6. Бөлімнің метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметтерінің қызметі

(ӨК-ға, ҚӘТ-ні жөндеуді, олардың жиынтықтауды бақылау жөніндегі

қызметтердің жұмысы, ҚӘТ-ге ТҚ-ны үйымдастыру)

Корытынды: бөлімнің метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі
қызметтерінің жұмысы деп бағаланады.

Тұжырымдама: әскери бөлімнің метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйі _____
деп бағаланады.

Ұсыныстар

—

[View Details](#) | [Edit](#) | [Delete](#)

—

[View Details](#) | [Edit](#) | [Delete](#)

Digitized by srujanika@gmail.com

www.nature.com/scientificreports/

Орындалуы туралы _____

(оған баяндалуы тиіс лауазымды адам)

20 __ жылғы " __ " қарай баяндалсын.

(тексеруді жүргізген адамның лауазымы, әскери атағы, қолтаңбасы, тегі)

Актінің бір данасын алдым, оның мазмұнымен таныстым.

Әскери бөлім командирі _____

(әскери атағы, қолтаңбасы, тегі және аты-жөні)

20 __ жылғы " __ "

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК